

электриктер, сантехниктер, ювелирлер, антиквар, суретші, аудармашы, дәрігер және өзгелер болуы мүмкін. Соңғысы екі жағдайда қолданылады. Біріншіден, тінтуге қатысушыларға көмек көрсету үшін, екіншіден тінту кезінде бөлмеде ауыр халдегі ауыратын адамды тапқан жағдайда, егер тергеушіде ауырып жатқан адамның астында қажетті объектілер жатқандығы туралы күмән туса. Дәрігердің медициналық көмегі мен кеңестері тергеу әрекетін жоспар бойынша өткізуіне септігін тигізеді. Нақты жағдайларға байланысты, тергеу амалдарына өзгеде мамандар шақырылуы мүмкін, егер олар өздерінің білімімен немесе құралдарымен көмегін тигізетін болса.

Қатысушылардың төртінші тобы куәгерлер және тінтілетін тұлға. Куәгерлердің саны екеуден кем болмауы қажет, олардың саны жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Тінтілетін орынға бармай тұрып куәгерлерді иаңдау дұрыс. Мысалы, бөлмеге кірерде тінтілетін адам жағынан қарсылық болуы мүмкін.

Тінтудің оң нәтижесі объектілерді табуға бағытталған, объектілерді бекіту және анықтауда қажетті құралдар кешенінің болуына және дұрыс ғылыми-техникалық әдістер мен тәсілдерінің болуы байланысты. Тергеуші өзі немесе мамандардың көмегімен қажетті ғылыми – техникалық құралдарды таңдайды. Жеке объектілерді іздеуде арнайы құралдарды пайдалану мүмкін, ол құралдарды қолдана алатын мамандарды шақыруы мүмкін. Тінтуге әр түрлі саладағы мамандар қатыстырылуы мүмкін, бірақ жиі дәрігерлер, кинологтер, криминалисттер, химиктер қолданылады [3;12].

Қылмыстық іс жүргізу заңнама алдын ала тергеу органдарына қылмысты түрткі болған себептер мен шарттарды анықтап, оларды жою үшін әрекеттер қабылдауды жүктейді. Заңды жүзеге асыруда, тергеу органдары түрлі әдіс тәсілдерді қолданады. Тінту және алу тергеу әрекеттері тергеушіге, тек қылмыстың іс жүзіндегі жақтарын ғана емес, айыптының қылмыстық әрекетінің мақсаттарын және себептерін, қылмысты тудырған шарттарын анықтауға көмектеседі.

Тергеу әрекетінің құқықтық негіздері – тергеушіге белгілі бір әрекетті жасауға құқық беретін, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген шарттардың жиынтығы. Іс жүзіндегі негіз ретінде, іздердің бір түрінен дәлелдеу ақпаратты алу мүмкіндігін беретін нақты мәліметтер болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

2. Иванов, А. Н. Производство обыска: уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты: учеб. пособие / А. Н. Иванов; под ред. В. И. Комиссарова; Саратов. гос. акад. права. – Саратов, 1999. – 119 с.

3. Кузнецов, А. А. Тактика обыска в жилых помещениях: лекция / А. А. Кузнецов. – Омск, 1997.

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМЦИЯСЫ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ**

Абзалбекова М. Т. Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,  
Заң ғылымдарының магистрі

Серікбай Х.Т. Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры

Жумашева С.А. Соттық және прокурорлық қызмет білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру проблемасы қазіргі заманғы құқықтық теория мен практиканың өзекті және іргелі проблемаларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық деп жариялайды, оларды тек заңмен белгіленген тәртіпте ғана шектеу мүмкін болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында және қағидат ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген кінәсіздік презумпциясы қазіргі уақытта жеке адам

құқықтарының, заңдылық пен тұрақтылықтың маңызды кепілі болып табылады. Ол терең мазмұнды көтереді және маңызды құқықтық салдары бар [1;14].

Кінәсіздік презумпциясы қаралып отырған проблеманың көп қырлығымен анықталады. Бұл принцип адамның қылмыскер ретінде мерзімінен бұрын және негізсіз қарым-қатынас жасауының кепілі болып табылады, ол жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Бұл негіз қалаушы гуманистік қағидатты сақтау қоғамдағы заңдылық жағдайының көрсеткіші болып табылады.

Кінәсіздік презумпциясы принципін ауытқу сот төрелігіндегі заңдылықтың бұзылуына және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға әкеп соғады. Қазіргі уақытта қылмыстық іс жүргізу қызметі саласындағы заңды сақтамау, тергеу, прокурорлық және сот қателіктері қандай да бір дәрежеде осы қағидатты бұзуға байланысты болып отыр. Кінәсіздік презумпциясы тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігіне қарамастан, ол әлі де осы қағидатты түсіндіруге және құқық қолдануға байланысты көптеген мәселелерді тудырады.

Кінәсіздік қағидасы, азаматтардың қоғам өкілдерінің, лауазымды адамдардың, мемлекет органдарының шешімі мен іс әрекеттерінен тұратын, күрделі қоғамдық қатынастарды реттейді. Осыған сәйкес қағиданың өзі де күрделі, былайша айтқанда осындай абстрактілі академиялық ұғым болып табылмақ [2; 49].

Кінәсіздік қағидасы құқыққа қарсы жасалған әрекет үшін адамның жауапкершілігі бар жерде әрқашан іс-әрекетін жүргізеді, Яғни, бұл қағида оның заңдық ықыласын қорғап, оның айыптылығын толық және күдіксіз дәлелденуін талап етеді. Заң тәртібінде айып тағылмайынша, айыптыға ешқандай жаза қолдануға болмайды.

Осындай құқықбұзушылық екі түрде болып бөлінеді, біріншіден тәртіп бұзушыларға қолданылатын тәртіп жазасы, екіншіден, келтірілген шығынын толтыру үшін қолданылатын материалдық жаза.

Тәртіп жауапкершілігі үш жағдайда бірден жауапты; біріншіден, әрекет /әрекетсіздік/ құқыққа қарсы болуы керек, яғни жұмысшының заңды міндеттерінің бұзылуы, екіншіден, құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік) айыпты болуы қажет, яғни оның қасақана немесе айыпсыздықта жасалынуы, үшіншіден, еңбек міндеттерінің орындалуы қажет, яғни еңбек құқық қатынасының алынатын міндеттердің орындалмауы.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасының негізгі идеялары:

- айыпталушы соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады;
- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Адамды оның мойындауына негіздегі қана кінәлі деп тануға болмайды;

- айыпталушының кінәлілігіне сөйілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі;

- ешкім өзіне-өзі қарсы айғақ беруге міндетті емес;

- сот төрелігін жүзеге асырған кезде заңды бұзып алған дәлелдемелерді қолдануға жол берілмейді.

«Бұл кез келген уақытта, соттық процедураның ережесін сақтай отырып, әр осы тұлғаға істің жүргізілуі барысында туындаған сұрақтар қоюға, олардың арасында беттестіру жүргізуге, алынған көрсетулердің басқа дәлелдемелермен салыстыруға және осы жолмен қайшылықтарын анықтауға, көрсетулеріндегі қайшылықтар мен сәйкессіздіктерін табуға, оларды жою немесе олардың пайда болуының себептерін анықтауға жағдай жасайды». Соттық тергеудің ауызшалығы істегі материалдарды зерттеуді жеңілдетеді, ал сот сөзінің жариялылығы қосымша стимулды қалыптастырады және соған қоса заңның қатаң сақталуының кепілін орнықтырады [3; 66].

Айыпталушының кінәлілігі туралы мәселені көп сатылылығы, ақиқатты анықтаудың мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтарды, дәлелдемелерді зерттеу процесіне қатысушы жақтардың белсенді түрде қатысуы, соттық тергеудің субъектілерінің процессуалдық жағдайлары, процессуалдық салдарының сипаты – осының бәрі соттық тергеудің алдын – ала тергеуден маңызды ерекшеленетіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Егер де ақиқатты анықтаудың мүмкіндіктері бірдей болса, сот тергеуінің тәжірибелік қажеттілігі де шамалы.

Сонымен қатар тергеушімен, анықтама органымен ақиқатты табу жолында алынған нәтижелері мен сот қатысушыларының көрсетулерін зерттеу және өзінің қорытындысын зерттеу нәтижелері сәйкес деп айтуға болмайды, яғни әр іс бойынша сот қорытындысының шынайылығы мен тергеудікі бірдей емес. Тергеудің қорытындысы өзінің негізделуіне және сендіруіне қарамастан алдын – ала сипатта болады.

«Айыпталушының кінәлілігі мен істің барлық мән – жайлары алдын – ала тергеуде нақты анықталуына ұмтылу керек. Бірақ, алдын – ала тергеуге үлкен талаптар қоя отырып, заң шығарушы оған

қоса қылмыстық істің барлық мән жайларын толық анықтау үшін және оған тиісті барлық кепілдіктерді қамтитын басты сот талқылауының қажеттілігін атап көрсетеді».

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында дәлелдеу бірінен кейін бірі келетін процессуалдық сатылардың кезектілігімен анықталатын бірнеше этаптар өтеді. Дәлелдеудің әртүрлі этаптары іс бойынша дәлелденетін мән-жайлардың анықталу сатыларының әртүрлілігімен де сипатталады. Бірақ әр этаптан дәлелдемелерді зерттеумен мен бағалау басынан аяғына дейін жүргізіледі. Яғни қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтаудың жолы – ақиқатты неғұрлым толық және терең анықтау үшін істің барлық мән-жайларын жаңа, өте кең негізде бірнеше тексерулердің, нақтылаудың жолы. Ақиқатты анықтау жөніндегі қорытынды шешімді тек сот шығарады. Соттық тергеу – қылмыстық істегі ақиқатты танудың, істің мән – жайлары туралы жеткілікті қорытындының процессуалдық формасы.

Қорытындылай келіп, кінәсіздік презумпциясы қағидасының негізгі мазмұны заңда көрсетіліп және құқық нормаларында бекітілгенін көруге болады, ал бұл дегеніміз кінәсіздік презумпциясы іс жүргізу қағидаларының қатарына жатқызудың және олармен тығыз байланысының тағы да бір дәлелі. Кінәсіздік қағидасы сотта істі қарау сатысында нақты жүргізіледі, яғни айыптау және қорғау функцияларынан бөлінген жарыссөз функция жағдайларына қатал түрде сақталады. Бұл сатыда айыптаушы сот алдында тиісті адамның қылмыс жасағандығын дәлелдеуге міндетті. Бұл сатыда негізгі фактілерге кіретін жағдайлар сотқа күдік туғызса және оны түзетіп анықтауға мүмкіндік болмаса және толық дәлелденбесе сот ақтау үкімін шығарады. Яғни, сотта істі қарау сатысында кінәсіздік презумпциясы қағидасының толық іске асырылуын айқындайды.

Егер қылмыстық қудалау кезінде қандай да бір қателік жіберілсе және сот кінәсіз адамға айыптау үкімін шығарса, онда жағдайды түзету қиын болады. Мемлекет кінәсіз жәбір шеккен адамға ақталу мүмкіндігін қарастырады (атына кір келтірмеуін, тәркіленген мүлкін қайтару және т.б.), бірақ, оның және жақын адамдарының көңілінің азап шегуін түзеу іс жүзінде мүмкін емес. Қылмыстық іс бойынша фактілік мән-жайларды анықтау мүмкіндігіне барынша жақындау үшін, заң шығарушы қылмыс жасауда адамды кінәлі деп, тек сот қана тани алады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кепілдіктері ақиқатты іздеп табу бойынша жеткіліксіз.

Күдіктімен және айыпталушымен кінәсін мойындау кінәсіздік презумпциясының әрекетін тоқтатпайды. Бұл жерден қызық жағдай анықталынады: айыпталушы өзін кінәлі деп санайды, ал мемлекет керісінше, қылмыстық жазалаудың құқық субъектісі ретінде сот мәжілісінде басқа да дәлелдермен қатар, күдіктінің мойындауы мұқият тексерілмегенінше, айыпталушыны кінәсіз деп санайды. Сонымен қатар, кінәлілік туралы тұжырымды дәлелдеу үшін, күдіктінің мойындауына шешуші мән берілмейді, және айыптау қорытындысының негізі болмай тұрып, қылмыстық іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелерде күдіктінің мойындауы өз растауын табу үшін талаптар ұсынылады.

Шын мәнінде, қылмыстың фактісін анықтау және жазалау шараларын таңдау, істі тергейтін және талқылайтын тергеуші, прокурор, судьялардың ауқымды, еңбекті көп қажет ететін және қызу жұмыстардың қорытындысы болып табылады. Олар жасалған қылмыстың барлық мән-жайын мұқият анықтап алуы қажет; кім, қайда, қашан, қалайша және неліктен заңды бұзғанын анықтау; кінәлінің тұлғасын зерттеу; оның кінәсін жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, қылмыстың себептері мен зардабын зерттеп, осыдан кейін барып судья жазаны тағайындауға кірісе алады. Бұл бір қарағанда оңай болып көрінбейді. Жазаны таңдау мүмкіндігінің кеңдігіне қарамастан, айып тағатын баптардың санкциясындағы әр детальді есептеу (түгендеу) шешуші мағынаға ие болады. Осы жерде кішкентай бір қателіктің өзі, адамның тағдырына жаман біліну мүмкін. Жасалған қылмыстың ауырлығына толық сәйкес келетін және кінәліні қайта тәрбиелеу тұрғысынан алып қарағанда, барынша нәтиже беретін, дәл сол жаза шарасын қалай анықтауға болады?

Әрине, заң, өмірде пайда болатын сұрақтардың барлығына алдын ала жауап бере алмайды. Бірақ, онда тергеуші, прокурор және сотпен әділ және негізді шешімдердің қабылдануына кепілдік беретін нақты ережелер қарастырылған.

Заң адамгершілік қатынастар, қылықтар, мінез-құлықтардың қиын түптеуінде оларды реттеп, түсінуге көмектесетін дұрыс бағыт қызметін атқарады. Сондықтан, заңдарға мүлтіксіз еру бірінші және міндетті шарт болып танылады, бұл шартсыз бірде-бір қылмыстық істің дұрыс тергеліп және сотта қаралуы мүмкін емес.

Қылмыстық іс бойынша өндіріс жайлы ақпарат құралдарының мәліметтері, егер мұндай мәліметтер заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес, ақпараттық сипатқа ие, күдіктінің кінәлілігі туралы тұжырымдардың

болмауы, соттың үкімі заңды күшіне енгенге дейін оны қылмыскер деп жарияламаса, кінәсіздік презумпциясына қайшылық келтірмейді.

Негізгі Заңның 14-бабында көрсетілген сот, прокурор, тергеуші және анықтама жүргізуші органдары істің мән-жайларын толық және объективті түрде зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолданып, айыпкерді кінәлауды және оның кінәсін анықтайтын мән-жайларды да, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды ашу, яғни айыпсыздық қағидасына сүйене отырып, істі қарап, тергеуде бір жақты айыптау жойылады және себепсіз жазадан босатылады.

ҚДЖК кінәсіздік презумпциясы қағидасына арнайы бап берілген. 19-бапта кінәсіздік презумпциясы қағидасының түсінігі және бұл қағидадан шығарылатын кейбір тәртіптік ережелер көрсетілген:

1. Әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі осы заңда көзделген тәртіппен дәлелденген және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Айыпталушының кінәлілігіне сөйілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндар да айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс.

4. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс [4; 18].

Сондықтан қорытындылай келіп, кінәсіздік презумпциясы қағидасының негізгі мазмұны заңда көрсетіліп және құқық нормаларында бекітілгенін көруге болады, ал бұл дегеніміз кінәсіздік презумпциясы іс жүргізу қағидаларының қатарына жатқызудың және олармен тығыз байланысының тағы да бір дәлелі. Айыпсыздық қағидасы сотта істі қарау сатысында нақты жүргізіледі, яғни айыптау және қорғау функцияларынан бөлінген жарыссөз функция жағдайларына қатал түрде сақталады. Бұл сатыда айыптаушы сот алдында тиісті адамның қылмыс жасағандығын дәлелдеуге міндетті. Бұл сатыда негізгі фактілерге кіретін жағдайлар сотқа күдік туғызса және оны түзетіп анықтауға мүмкіндік болмаса және толық дәлелденбесе сот ақтау үкімін шығарады. Яғни, сотта істі қарау сатысында кінәсіздік презумпциясы қағидасының толық іске асырылуын айқындайды.

Айыпсыздық қағидасындағы зор тәжірибелік маңызы бар тергеу негіздерінің бірі айыпталушының кінәлілігі жөніндегі күдіктің кез келген оның пайдасына қарастырылу тәртібі болып табылады.

Оның мағынасы мынада: егер іс бойынша дәлелдемелер қайшы немесе жеткіліксіз болса және осының нәтижесінде сотта, айыпты дәлелдеуге тиісті күдік туса, егер қандай да болмасын келтірілген фактілер айыпкердің зияндылығына немесе пайдасына қаралса, онда соңғысына қолайлы шешім қабылданады. Айыпты дәлелдемелер ешкімге күдік туғызбайтын, әділ болуы қажет. Егер күдікті болса, онда ол дәлелдемелердің сот қаулысының негізінде алуға болмайды, өйткені айыптау үкімі жорамалдарға негізделмейді. Өткені қылмыстық істер жүргізуде айыпсыздық қағидасы әрекет етеді. Осыған сай тағылаған кінә дәлелденбейінше айыпкер кінәсіз деп саналады. Егер айыптауда келтірілген фактілер күдік туғызса, онда ол дәлелсіз және айыптаудан шығарылуы қажет.

Алайда күдіктің барлығы айыпкер пайдасына қарала бермейді. Егер қылмыстық істі зерттеп, не шешу процесінде қандайда болмасын кәнаға келтірілген дәлелдің ақиқаттылығына тиісті күдік туса, онда ол дәлелдемелерді мұқият зерттеп бұл күдікті түзеп, орнына келтіруге барлық шаралар қолданылуы қажет.

Барлық байқаулардың қорытындысында ол күдік түзелмесе, онда ол айыпкердің /сотталушының/ пайдасына қаралады. Басқа сөзбен айтқанда, егер айыптау дәлелдемелерінде қарсы туған күдік түзелмеген, орнына келмеген жағдайда ғана ол айыпкердің пайдасына талқыланады. Күдікті айыпкер пайдасына қаралу тәртібі айыбын жоққа шығаратын фактілерге де қатысты жүргізіледі. Егер айыпкер айыбын ақтайтын дәлелдемелер ұсынса, ал бұл дәлелдемелер сотқа, тергеушіге, прокурорға күдік туғызса, онда ол айыпсыздық қағидасына сүйеніп, айыпкердің /сотталушының/ пайдасына қаралуы қажет.

Басқа сөзбен «айыпты жоққа шығаратын фактілерге негізделген күдік, әрқашан айыпты ұсыну фактісіндегі күдікті білдіреді» - деп орынды жазған. Күдіктің айыпкер пайдасына қаралу тәртібі іс бойынша шындықты табуға әсерін тигізеді. Егер айыпталушының кінәсі жөніндегі күдік дәлелдемелер мен жорамалдарға негізделсе, яғни айып толық дәлелденбеген болса, объективті шындықты айту мүмкін емес. Күдіктің айыпкер пайдасына қаралуына объективтік жөніндегі шындық табылады, себебі даусыз фактілер мен күдіксіз дәлелдемелерге ғана негізделеді. Бірақ бұл тек айыптау үкіміне тиісті.

Кінәсіздік презумпциясының құқықтық негізі – Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы, онда былай делінген: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі».

Сонымен презумпцияның құқықтық негіздеріне жасалған талдау оның мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Осы презумпцияның мәнін құрайтын мына тұжырымдар:

а) айыпталушының қылмыс жасауға кінәлі екені алдын ала тергеу жүргізілген және іс сотта қаралған кезде дәлелденуге тиіс:

ә) айыпталушыны сотқа беру оның кінәлі екені туралы мәселені алдын ала шешіп қою үшін негіз бола алмайды.

б) айыптау үкімі жорамалдарға негізделе алмайды және сотталушының кінәлі екені іс сотта қаралған кезде дәлелденген жағдайда шығарылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2. Абдрашитов В.М. Актуальные проблемы и вопросы понимания и толкования принципа презумпции невиновности в современном праве // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 5: Юриспруденция. – 2012. - №2. – С.48-53.

3. Тұрашев Е. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау принциптерінің алдын-ала тергеу кезінде сақталуы // Заң, 2017 ж.- №12.-С.66-67

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

## **ОСОБЕННОСТИ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА ФИНАНСОВЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ. РЕФОРМЫ И НОВЫЕ ПОДХОДЫ**

Зайцева Виктория

студентка 3 курса, ОП Юриспруденция, Карагандинского университета Казпотребсоюза

Научный руководитель: Нурпеисова Алма Кабикешовна

к.ю.н., доцент кафедры ОЮ и СД Карагандинского университета Казпотребсоюза

В статье рассмотрено послание Президента Республики Казахстан К-Ж. К. Токаевым от 2 сентября 2024 года, основные изменения в УК РК и текущие реформы. Автором проанализированы изменения в законодательстве по вопросу уголовной ответственности за финансовые преступления с акцентом на усиление борьбы с коррупцией, также рассматривается статистика за последние 10 лет.

Как говорил известный американский социолог и криминолог Эдвин Сазерленд: «Беловоротничковая преступность наносит больше ущерба обществу, чем традиционные формы преступности вместе взятые».

Финансовые преступления существенно подрывают экономическую стабильность и доверие, к государственным и частным институтам. Эти преступления включают в себя разнообразные действия, связанные незаконными обращением денежных средств и финансовых активов. К ним относятся такие преступления, как отмывание денег, мошенничество, уклонение от уплаты налогов, хищение и присвоение средств, а также коррупция и другие правонарушения [1].

До реформ 2024 года в Казахстане было несколько значительных изменений в законодательстве, направленные на борьбу с финансовыми преступлениями. В 2014 году был принят новый Уголовный кодекс Республики Казахстан, который существенно пересмотрел наказания за данные преступления. Были введены более жесткие меры по борьбе с коррупцией, отмыванием денег и налоговыми преступлениями. Одним из важных шагов стало присоединение Казахстана к международным конвенциям, таким как ООН против коррупции и рекомендации FATF, по противодействию и отмыванию